

Павлодар қаласы аумағында орналастырылған жарнама объектілері бойынша төлем мөлшерлемелері туралы (3 сайланған 32 кезектен тыс сессия).

Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2007 жылғы 19 сәуірдегі N 52/32 шешімі. Павлодар облысы Павлодар қаласының Әділет басқармасында 2007 жылғы 21 мамырда N 89 тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 491 бабына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қосымшаға сәйкес, Павлодар қаласы аумағында орналастырылған жарнамалар объектілері бойынша төлем мөлшерлемелері бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларына жүктелсін.

3. Павлодар қалалық мәслихатының 2005 жылғы 5 қыркүйектегі "Павлодар қаласы аумағында орналастырылған жарнамалар объектілері бойынша төлем мөлшерлемелері туралы" N 81/15 шешімінің күші жойылды деп саналсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткеннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы В. Дорохин

Қалалық мәслихаттың хатшысы В. Лебедь

Павлодар қалалық мәслихатының

2007 жылғы 19 сәуірдегі

"Павлодар қаласы аумағында

орналастырылған жарнама

объектілері бойынша төлем

мөлшерлемелері туралы"

N 52/32 шешіміне қосымша

(3 сайланған 32 кезектен тыс сессия)

Жарнама объектілері бойынша төлем

МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІ

№ р/с	Жарнама объектілері (жердегі, қабырғадағы, шатырларға орнатылған және басқалар)	АЕК ай сайынғы төлем мөлшері
1	1 шаршы метрге дейін (бір жағы үшін)	2
2	1-ден 3 шаршы метрге дейін (бір жағы үшін)	4
3	3-тен 10 шаршы метрге дейін (бір жағы үшін)	6
4	10-нан 20 шаршы метрге дейін (бір жағы үшін)	12
5	20-дан 50 шаршы метрге дейін (бір жағы үшін)	18

6	50 шаршы метрден жоғары (бір жағы үшін)	24
7	Лайтбокс* 1-ден 3 шаршы метрге дейін (толық құрылым үшін)	4
8	Призматрон* 10-нан 20 шаршы метрге дейін (бір жалпақтық үшін)	4
9	Стела* 20 шаршы метрге дейін (толық құрылым үшін)	10
10	Перетяга* 25 шаршы метрге дейін (толық құрылым үшін)	12
11	7-ден 20 шаршы метрге дейін стационарлы объектілердегі автомобиль жарнамасы (қондырғысы)	28
12	*LED-дисплей (монитор) 50 шаршы метрге дейін	24

*Призматрон - бір жалпақтықта үш бейненің тез және кезекпен ауысуы.

*Лайтбокс - 3 шаршы метрге дейінгі мөлшермен көшені жарықтандыру тіреулеріне орналасқан жарық құрылым.

*Стела - жеке тұратын жарнама құрылымы.

*Перетяга - жолдың жол жүретін бөлігінің үстіне орналастырылған құрылым.

*LED-дисплей (монитор) - бейне роликті көрсететін жарық динамикалық экран.